

Өтініш

Құрметті Жұқып Қажманұлы! Елдің тірегі де болашағы да оның Ата Заңы Конституциясы. Сонау Тәукеханның Жеті жарғысынан бастауын алған Ата Заңымыз Мемлекетіміздің басты құжаты. Қас батырымыз Бауыржан Момышұлы айтқандай «Заңға бағынған құл болмайды» демекші Заңды орындау Тәуелсіз Егеменді еліміздің барлық азаматтарының, азаматтық парызы, міндет, мүддесі, ал оны іске асыру Президентімізден бастап Заң қызметкерлері болса, оның ішінде басты орындаушы және жүзеге асырушы тұлға Сот. Осыған орай «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын»-деп Ұлы халқымыз айтпақшы Сізге өтініш жасағалы отырғанымыз ҚР-ның Жоғарғы Сотының қаламыздағы бірден бір өкілі Ақшалов Көшербай Тұрсынұлы туралы.

Көшербай Тұрсынұлы 8-қазан 1960 жылы туылып, өз қатарластары сияқты орта мектепті аяқтағаннан соң, еңбек жолын өзінің туған жері Қостанай облысы Комсомол ауданында комбайыншы, слесарь, Комсомол комитетінің хатшысы, ПБ-нің қызметкері болып еңбек етеді. Ал 1991 жылы Москваның Заң институтын бітіргеннен кейін бірнеше шаруашылықтарда, Қарабалық ауданының әкімшілік аппаратында және бірнеше ЖШС-де Заңгер қызметтерін атқарған. 2007 жылы 11-шы мамырынан 5 қаңтар 2015 жылға дейін Қостанай облысы Әулікөл ауданында сот төрағасы болса, 2015 жылдың 6 қаңтарынан күні осы күнге дейін Қостанай облысы, Арқалық қалалық Сотының төрағасы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Басқа аудандармен қалаларға қарағанда Арқалық қаласының өзіндік ерекшеліктерінің бірі қала бұрын екі рет ашылып жабылған Торғай облысының орталығы болуы, бүгінгі облыс орталығы Қостанай қаласынан 500 шақырымға жуық шалғайда орналасуы қаланың жастар мен студенттер қаласының шоғырланған жерімен қатар көптеген жастардың жұмыссыздығы, қаламызда Кенестік дәуірден күні бүгінге дейін өте ауыр қылмыс істеген заңды аттағандардың түрмесінің орналасуы, Заң қызметкерлерінің осыған лайық өзіне де қарауындағы қызметкерлерге де қатаң талап қоюды аса қажет етуі, ең бірінші Заң қызметкерлеріне оның ішінде Сот төрағасына ауыр жүк, азаматтық міндет пен парыз және Конституциялық кепілдік. Сондықтан да Көшербай Тұрсынұлы Ақшалов мырза қызмет істеген бес жылдан аса уақытта Арқалық қалалық соты сот төрелігін жүзеге асыру сапасы бойынша және Қостанай облысының қалалық, аудандық соттарының арасында төртін

Қазақстанның Республикасының Жоғарғы Соты
Кіріс № 4166 бет 4

145

3/1

талап бойынша көшбасшылардың қатарына кірді. Ал 2016 жылы Арқалық қалалық соты, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша, құрметті үшінші орынға ие болды, соның нәтижесінде облыстық Соттың Құрмет грамотасымен марапатталған.

Сол сияқты 2017 жылдың қорытындысы негізінде, медиацияны қолдаудағы Жоғарғы көрсеткіштеріне сай, Қостанай облыстық сотының төрағасының Құрмет грамотасы мен марапатталған.

Кезекті аттестациялаулардағы оң нәтижеге байланысты әріптестерін жоғары лауазымдарға ұсыну барысында А.Н.Байтурова 2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотына, С.Ц.Екишева 2018 жылы Қостанай облыстық сотына және С.Б.Шахаманов осы жылы Қостанай облысы мамандандырылған тергеу сотына судьялары болып тағайындалған.

Басшы болу, жан-жақты іздену, барды бағалау, әріптестерінің сеніміне ену, ал сот төрағасы болу, қара қылды қажару «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» демекші турасын айтып туғаныңа жақпасаңда әділдігін айту, ауызға ғана оңай. Ал қол астындағы әріптестеріңді жоғарыдан көру ол да бір ғанибет, осының айғағы Б.Е.Карбенова 2019 жылы ҚР Жоғарғы Сот Кеңесіне мүше болса, осы жылы кәсіби қызметтерін бағалау нәтижелері бойынша жас судьялар Е.С.Молдахметов, Р.М.Абилов пен А.А.Мырзалы атқарып отырған қызметтеріне сәйкес болып танылған. Өздерінің кәсіби міндеттерін орындаудағы адалдықтары үшін Қостанай облысы Арқалық қалалық әкімдерінің құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. Ал Сот төрағасы К.Т.Ақшалов 2019 жылы Арқалық қаласының әкімі Э.Қ.Күзенбаевтың Құрмет грамотасымен және 2017, 2019, жылдары Қостанай облысының әкімі А.Б.Муханбетовтың Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2014 жылдан осы кезеңге дейін бірде бір судья тәртіптілік жауаптылыққа тартылмаған, сол сияқты қалалық Соттың судьялары мен мамандарының Заңсыз іс-әрекеттерін растаған шағымдар да жоқ. Бүгінгі күн талабына сай К.Т.Ақшаловтың бастамашылығы бойынша қала әкімдігінің ішінде билер (ақсақалдар) Кеңесі құрылған, олар мүмкіндігінше сотпен сотқа дейінгі іс жүргізу, татуластыру шараларын сәтті қолданып нәтижелі жұмыстар атқаруда. Қалалық соттың ұжымында қарапайым моральдық-психологиялық жағдай қалыптасқан, мамандар бойынша қызметкерлердің тұрақтамауылары жоқ. Қалада осы уақытқа дейін қызмет бабында ауысқан төрт әкім, төрт прокурор, үш полиция бастығы, үш УҚКД-нің бастықтарымен өзара түсіністікте болып, нәтижелі жұмыстар атқарды. К.Т.Ақшаловтың мінезі байсалды да мақсатшыл, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Халық арасында және ұйымдардың басшылары арасында сыйлы, беделді, адал азамат ретінде қызметіне қарай бағалаймыз, құрметтеуге лайық деп ойлаймыз.

Жанұялы, ғұмырлық серігі Акшалова Гүльниса Аманғалиқызы жеке кәсіпкер, ал балалары Алия Күшербайқызы Көкшетау қалалық сотының судьясы, Алмагүл Көшербайқызы ұлттық компанияда заңгер, Тұрсынов Сабыржан Көшербайұлы Қостанай облыстық адвокаттар әріптестігінде адвокат болып істейді, демек балалары әке жолын қуып заң қызметкерлерінің саласында абыройлы еңбек етуде.

Аса құрметті ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Ж.Қ.Асанов мырза, Сізден Қостанай облысы Арқалық қалалық сотының төрағасы К.Т.Ақшаловтың алда 8-ші қазан 2020 жылы мерейлі 60 жасқа толуына орай, мемлекет алдындағы адал қызметі мен сіңірген еңбегі үшін Сіз біздерді қолдайды деген ізгі ниетпен К.Т.Ақшаловқа қандай да бір марапат көрсетсеңіз артық емес деп ойлаймыз және сізге сенім артамыз!

Арқалық қалалық ардагерлер

ұйымының төрағасы,

Арқалық қаласының

Құрметті азаматы

Арқалық қаласының

Құрметті азаматы

Арқалық қаласының

Құрметті азаматы

Арқалық қаласының

Құрметті азаматы

Арқалық қаласының

Құрметті азаматы

Ж.Гаипбасұлы

К.Ақан

Х.Досжанов

Қ.Жиенбаев

С.Керейбаев

4 қыркүйек 2020 жыл

Арқалық қаласы

Верховный суд Республики Казахстан.

г. Нур-Султан, ул. Д. Кунаева, 39.

010.000

г. Алматы, ул. Байтурсынова 23, кв 43.
Мирзабеков Бахытбек
Мирзабекович